

## Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылды 31 наурыздағы № 126 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылды 29 сәуірде № 6929 тіркелді.

"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңының 4-бабының 13) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже бекітілсін.
2. Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (М.Ә. Бектемесов):
  - 1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
  - 2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
3. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарының куші жойылды деп танылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Жаупты хатшы Б.С. Әбдірәсіловке жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмағұлов

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2011 жылғы 31 наурыздағы  
№ 126 бұйрығымен  
бекітілген

## Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 09.03.2021 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже (бұдан әрі – Үлгі ереже) "Ғылым туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді.
2. Осы Үлгі ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:
  - 1) диссертациялық кеңестер – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖОО) жаңындағы алқалы органдар;
  - 2) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор – ғылыми-педагогикалық бағыт немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантуралары менгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәрежелер.

### 2-тaraу. Диссертациялық кеңестердің қызметін ұйымдастыру

3. Диссертациялық кеңестер күнтізбелік з (γш) жылға құрылады және Ж00-да кадрлар даярлаудың тиісті бағыттары бойынша:
  - 1) докторантураларының бойынша білім беру қызметін жүргізуге арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымша;
  - 2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 22-бабының 2-тармағына сәйкес Білім беру бағдарламаларының тізбесінде докторантураларынан білім беру бағдарламалары;
  - 3) Заңның 5-бабының 10) тармақшасына сәйкес Аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген докторантураларынан ажыратылған білім беру бағдарламалары;
  - 4) Заңның 5-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес бөлінетін оқытуудың 1, 2 және 3 жылына мемлекеттік білім беру тапсырысы болған жағдайда жұмыс істейді.
4. Ерекше мәртебесі жоқ Ж00-ларда диссертациялық кеңестерді құру туралы ұсынысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) Ж00-дан мынадай құжаттар түсінген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қарайды:

1) ілеспе хат;

2) білім беру бағдарламаларының Білім беру бағдарламаларының тізбесінде болуы туралы мәлімет (әскери, әскери арнайы оқу орындарына (бұдан әрі – ӘА00) басқа);

3) докторантуралық тиісті кадрлар даярлау бағыты бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының болуы туралы мәлімет (ӘА00-лардан басқа);

4) осы Үлгі ережеге 1–қосымшаға сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелеріне үміткерлер туралы ақпарат мәлімет;

5) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі (ӘА00-лар үшін Плагиатқа тексеру жөнінде комиссия құру туралы мәлімет);

6) докторантуралық білім беру бағдарламасының аккредиттеуден өткені туралы күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

5. Диссертациялық кеңестің құрамына ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар кемінде 6 (алты) адам кіреді.

Диссертациялық кеңес мүшелерінің кемінде 50% (елу) басқа Ж00-лардың, ғылыми және (немесе) басқа да үйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында мүшелерінің 50% (елу), оның ішінде тәраға, тәраға орынбасары және ғалым хатшы тұрақты мүшелер болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында мүшелерінің 50% (елу) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде докторанттың ғылыми кеңесшілері, сондай-ақ докторантпен және оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалар:

1) жақын туыстары – ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алған балалары, аға-інісі мен әпке-сіңлісі, қарындастары, аталары, әжелері, немерелері, жұбайы немесе зайыбы, жекжаттары;

2) докторант немесе ғылыми кеңесші еңбек қатынасында немесе олардан қаржылық немесе өзге де ресурстар алууды көздейтін басқа да қатынастарда тұрған үйымдардың қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірге жариялаған мақалалар және шолулар тең авторлары тағайындалмайды.

6. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнайы оқу орындарында құрылған диссертациялық кеңестерде мүшелерінің кемінде 1/3-ін (үштен бірін) басқа Ж00-лардың, ғылыми және басқа үйымдардың өкілдері құрайды, қалғандары штаттық қызметкерлер болып табылады. Докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындауға рұқсат беріледі.

7. Диссертациялық кеңестің құрамына:

1) диссертациялық кеңес құрылған Ж00-ның ректоры;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қызметкерлері;

3) соңғы 5 (бес) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша ғылыми консультанттар, жетекшілер болған мамандар кірмейді.

8. Ерекше мәртебесі бар Ж00-лардың жаңындағы диссертациялық кеңестердің құрамында кеңестің бір мүшесі шетелдік ғалым (ӘА00-дан басқа) болып табылады. Диссертациялық кеңес мүшелерінің жарияланымдарына қойылатын талаптарды ерекше мәртебесі бар Ж00 өз бетінше белгілейді.

9. Ерекше мәртебесі жоқ Ж00-лар жаңындағы диссертациялық кеңестерде кеңес мүшелерінің кемінде 2/3-інің (үштен екісі) Хирш индексі кемінде 3 (үш) немесе халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда:

1) 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылым салалары, 8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар, 8D09 Ветеринария, 8D10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина), 8D11 Қызмет көрсете кадрларды даярлау бағыттары бойынша даярлау бағыттарына сәйкес келетін ең болмағанда бір ғылыми сала бойынша Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кемінде 3 (үш) жарияланымы;

2) қалған кадрлар даярлау бағыттары үшін даярлау бағыттарына сәйкес келетін ең болмағанда бір ғылыми сала бойынша Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда соңғы 5 (бес) жылда кемінде 2 (екі) жарияланымы бар.

Ерекше мәртебесі жоқ ӘA00-лар жаңындағы диссертациялық кеңестерде кеңес мүшелерінің кемінде жартысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 121) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) кіретін журналдарда кемінде 10 (он) жарияланымы бар.

10. Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы және ондағы өзгерістер, сондай-ақ кеңестің тәрағасы, тәраға орынбасары және ғалым хатшысы Ж00-ның ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

11. Ерекше мәртебесі бар Ж00-ларда диссертациялық кеңестер дербес құрылады. Диссертациялық кеңес құрылғаны туралы ақпарат ректор бұйрығы шығарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Ж00-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

## 12. Ж00:

1) диссертациялық кеңестің отырыстарын және диссертацияларды ашық түрде қорғауды өткізу үшін қажетті жағдайлармен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалану арқылы;

2) диссертациялардың мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша тексерілуін қамтамасыз етеді. ӘA00-лар Плагиатқа тексеру жөніндегі комиссияның болуын қамтамасыз етеді;

3) диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығыстарды, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығыстарын төлеуді қамтамасыз етеді.

## 13. Нәкты білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша диссертациялық кеңестің жабылуына мыналар негіз болады:

1) Комитеттің докторантқа дәреже беруден бас тартуға немесе диссертацияны пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберуге негіз болған осы кеңесте қорғалған диссертациялар жөніндегі з (ұш) және одан да көп шешімі;

2) докторантуралық тиісті кадрлар даярлау бағыты бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясынан айыру;

3) докторантуралық білім беру бағдарламасының аккредиттеу мерзімінің аяқталуы (ӘA00-лардан басқа).

Осы Ұлгі ережеде белгіленген талаптарды диссертациялық кеңес з (ұш) реттен көп бұзған жағдайда диссертациялық кеңестің тәрағасы, тәрағаның орынбасары және ғалым хатшысы ауыстырылады.

## 3-тaraу. Диссертациялық кеңестің функциялары

14. Осы Ұлгі ережеге сәйкес Ж00-лар Ж00-ның диссертациялық кеңесі туралы ережені әзірлейді және бекітеді.

### 15. Диссертациялық кеңестің функциялары:

1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;

2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;

3) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;

4) диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізу;

5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

### 16. Диссертациялық кеңестің мүшелері:

1) объективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;

2) диссертация қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;

3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;

4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;

5) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

6) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дәрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

17. Күнтізбелік жыл аяқталған соң диссертациялық кеңес осы Ұлгі ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комитетке диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп береді.

18. Диссертациялық кеңес докторанттың диссертациялық жұмыс немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) бекітілген Дәрежелер беру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 5-1-тармағының талаптарына сәйкес жарияланған мақалалар сериясы нысанында ұсынған диссертациясын қорғауды өткізеді.

19. Қорғауға құжаттарды қабылдауға дейін докторант оқыған Ж00 Ж00 кафедрасының не құрылымдық бөлімшесінің ғылыми кеңесінің кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) диссертацияны алдын ала талқылауды өткізеді. Жоғары оқу орнының докторанттың кеңейтілген отырыс өткізілгеннен кейін диссертацияны талқылаудың басқа нысандарынан міндепті түрде етуін талап етуіне жол берілмейді.

Кеңейтілген отырыс өткізуден 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) мамандар рецензияға жолданады.

Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімшениң ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми консультанттар, сондай-ақ Ж00-ның аралас (мәндес) кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да үйімдардың өкілдері, практик мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады.

Отырыста консультанттар болмаған жағдайда, олардың докторанттың диссертациясы бойынша пікірін Ж00 кафедрасының немесе құрылымдық бөлімшесінің басшысы не оның орынбасары оқиды.

20. Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысын алғаннан кейін докторант Ж00 ректорына өзі қорғайтын диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді. Егер докторант басқа Ж00-ның диссертациялық кеңесін көрсеткен жағдайда, онда докторант оқыған Ж00 10 (он) жұмыс күні ішінде оның құжаттарын диссертациялық кеңеске жібереді.

ӘA00-лардағы докторанттар осы Ж00-да тиісті мамандық (кадрлар даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңес болмаған жағдайда диссертацияларын басқа Ж00-лардың диссертациялық кеңестерінде қорғайды.

Диссертациялық кеңеске мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері (ӘA00-лар үшін отандық консультанттардың пікірлері);
- 2) кеңейтілген отырыстың оң қорытындысы;
- 3) берік түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертациялық жұмыс (егер диссертация диссертациялық жұмыс түрінде қорғалатын болса);
- 4) ғылыми еңбектердің тізімі және олардың көшірмелері;

5) докторант оқыған Ж00-ның Этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы.

Диссертациялық жұмыс қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеуді диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады және оларды 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде диссертациялық кеңеске ұсынады.

Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы осы Үлгі ереженің 5-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындаиды.

21. Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар және докторанттың зерттеу саласы бойынша кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы бар екі ресми рецензентті тағайындаиды.

Диссертацияны қорғау күні диссертацияның қорғау күнін белгілеу күнінен 3 (үш) айдан аспауға тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының түсу кезегі сақталады.

22. Диссертациялық кеңес ресми рецензенттерді тағайындау кезінде ресми рецензенттердің, ғылыми консультанттардың бір-біріне тәуелді болмау принципін басшылыққа алады.

Мыналар ресми рецензент бола алмайды:

- 1) Комитет қызметкерлері;
- 2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;
- 3) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген Ж00-ның құрылымдық бөлімшелерінің және (немесе) ғылыми үйімдардың басшылары және қызметкерлері;
- 4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензенттер болған мамандар.

23. Диссертациялық кеңес Ж00-ның интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы келесі материалдарды (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа) орналастырады:

1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімді болады) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама;

2) диссертация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул парағында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);

3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын). Аннотацияда қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негізdemесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады;

4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

5) ғылыми консультанттардың қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болатын пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

6) ресми рецензенттердің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын);

7) қорғаудың толық көлемдегі бейнежазбасы, монтажға жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін 5 (бес) ай бойы қолжетімді);

8) диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылдағаннан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

10) осы Үлгі ережеге 2-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) осы Үлгі ережеге 3-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) жөніндегі шешімдері туралы тоқсандық есеп (ерекше мәртебесі бар Ж00-лар жаңындағы диссертациялық кеңестер үшін). Тоқсандық есеп тоқсан аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде орналастырылады және диссертациялық кеңестің қызметі мерзімінде қолжетімді;

12) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы дипломды беруді ұйымдастыру жөніндегі мәліметтер (ерекше мәртебесі бар Ж00-лар жаңындағы диссертациялық кеңестер үшін);

13) қорғаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің аудио туралы хабарландыру (болған жағдайда);

14) диссертациялық кеңестің құрамы туралы ақпарат және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі;

15) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуы туралы ақпарат;

16) докторант оқыған Ж00-ның жаңындағы Этикалық комиссияның зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (осы Үлгі ережеге 4-қосымшаға сәйкес);

17) диссертациялық кеңестің бейнеконференция нысанындағы online (онлайн) отырысын өткізуі үйімдастыру жөніндегі ақпарат.

24. Диссертациялық жұмыс Ж00-ның интернет-ресурсында орналастырылғаннан және (немесе) диссертация қабылдағаннан кейін (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдары бар диссертациялар қорғалған жағдайда) оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соғы нұсқасы философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін Ж00-ның интернет-ресурсында "Диссертациялық жұмыстың соғы нұсқасы" деген белгімен орналастырылады.

Ж00-ның интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауда ұсынылады. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың электрондық поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

25. Алдағы қорғау туралы хабарламаны диссертациялық кеңес қорғауға қабылдау күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жолдайды.

Ерекше мәртебесі жоқ Ж00-лар жаңындағы диссертациялық кеңестердегі қорғаулар бойынша хабарламалар Комитеттің интернет-ресурсында түскең күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа).

26. Қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес докторанттың отандық және халықаралық деректер базалары бойынша плагиатты пайдалануын тексеру үшін диссертацияны "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сарраптама орталығы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – ҰМФТСО) жібереді. Титул беті және пайдаланылған әдебиеттер тізімі плагиатқа

тексерілмейді.

ҰМFTCO диссертация түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оның мәтінін ашық қолжетімді түрде өзінің интернет-ресурсында орналастырады. Диссертация тұрақты қүйде қолжетімді болады.

Мемлекеттік құпиялары немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтері бар диссертацияларда докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдалану ҰМFTCO-да немесе Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомствоның бағынысты әскери, арнайы оқу орындарында және (немесе) ғылыми үйімдарында комиссия негізінде тексеріледі.

27. Диссертацияның қағаз және (немесе) электронды тасымалдағыштағы данасы Ж00-ның кітапханасына беріледі. Қорғағаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық қеңестің ғалым хатшысы диссертацияның электронды тасымалдағыштағы даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді (мемлекеттік құпияларды және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа).

28. Ресми рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық қеңеске осы Үлгі ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысанда жазбаша пікірлерін ұсынады.

Егер диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын болса, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейін зерделейді. Егер мақаланың 2/3 және одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысы болмаса, оны ресми рецензент ескермейді.

Ресми рецензенттер пікірлерінде мына шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (ерекше мәртебесі бар Ж00 жаңындағы диссертациялық қеңесте қорғалған жағдайда) немесе Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау (ерекше мәртебесі жоқ Ж00 жаңындағы диссертациялық қеңесте қорғалған жағдайда);

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензенттер жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

29. ҰМFTCO анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және Ж00-ның интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерде көрсетілген плағиат фактілері болған жағдайда Диссертациялық қеңестің комиссиясы диссертацияны плағиатқа тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертациялық қеңеске диссертация қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

30. Диссертациялық қеңес Диссертациялық қеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғауға дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Диссертациялық қеңес қабылданған шешім туралы докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат Ж00-ның интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау жағдайынан басқа).

Докторанттың диссертациясын қорғауға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

31. Диссертациялық қеңестің тәрағасы, тәраға орынбасары және ғалым хатшысы докторанттың ғылыми қеңесшілері болып табылған жағдайда, диссертацияны қарau кезінде диссертациялық қеңестің отырысында өз міндеттерін орындаі алмайды. Диссертациялық қеңес тәрағасының міндеттерін орындау диссертациялық қеңестің шешімімен тәраға орынбасарына, тәраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау диссертациялық қеңестің шешімімен оның мүшелеріне жүктеледі.

Тәраға, тәраға орынбасары мен ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық қеңестің отырысы өткізілмейді.

Диссертациялық қеңес диссертация қорғалуының толық көлемде бейнеконференция түсірілуін қамтамасыз етеді, монтажға жол берілмейді.

32. Диссертациялық қеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (ұштеп екісі) қатысқанда заңды болып саналады. Ресми рецензенттердің және диссертациялық қеңестің уақытша тағайындалған мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.

Диссертациялық қеңес мүшелері және ресми рецензенттер қорғауға бейнеконференция нысанында қатыса алады.

Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өтеді. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялар қорғалатын жағдайда диссертациялық қеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің бейнеконференция нысанында қатысуына, сондай-ақ интернетте трансляциялауға жол берілмейді.

Отырысқа практикалық саланың шақырылған мамандарының қатысуына жол беріледі (диссертация қолданбалы сипатта болса).

Диссертациялық қеңес докторантқа, диссертациялық қеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық қеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткізетіні туралы электрондық пошта және қеңестің сайтында хабарлама беру арқылы диссертация қорғауға кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда хабарлайды.

отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы;

интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің үздіксіз бейне- және аудио трансляциясы;

отырыстың бейне- және аудиожазбасы;

диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

33. Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (ерекше мәртебесі бар Ж00 жаңындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда) немесе Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау (ерекше мәртебесі жоқ Ж00 жаңындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда);

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайдаға);

3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

4) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден не Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаудан бас тарту (ерекше мәртебесі жоқ Ж00 жаңындағы диссертациялық кеңесте қорғалған жағдайда).

Диссертациялық жұмыс егер оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға ұсынылады. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінана сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

34. Докторанттың ғылым консультанты, тікелей басшысы немесе жақын туысы болып есептелетін диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданады деп саналады.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатысқандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданады деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

35. Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Үлгі ереженің, Қағидаларының қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы қорғаудан 6 айдан кем емес уақыт өткендегі осы Үлгі ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

36. Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылmasa, докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған диссертация ҰМFTC0-ға плағиатқа тексеруге жіберіледі. ҰМFTC0 анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс осы Үлгі ереженің 32-тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

37. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы (ерекше мәртебесі жоқ Ж00 жаңындағы) диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғалғаннан кейін докторанттың аттестациялық ісін жинақтайды, ол Комитетке күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жіберіледі. Докторанттың аттестаттау ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) диссертацияның ҰМFTC0-ға жіберілген күні көрсетіліп, диссертациялық кеңес тәрағасы қол қойған диссертациялық кеңес қорылған Ж00 бланкісінде ілеспе қолдауhatы (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа);

2) электронды тасымалдағыштағы диссертация. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертация да қағаз тасымалдағышта беріледі;

3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелері;

4) жеке басты қуәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) ҰМФСО-ның диссертацияның плағиатқа тексерілгені туралы анықтамасы. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертация бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнайы оқу орындарындағы және (немесе) ғылыми ұйымдардағы комиссияның диссертацияның плағиатқа тексерілгені туралы анықтамасы ұсынылады;

6) осы Үлгі ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы;

7) диссертацияны қорғау жөніндегі және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау бойынша (қажет болғанда) диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және тәраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттамасы;

8) докторантуралың кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергені туралы транскриптің көшірмесі;

9) осы Үлгі ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәлімет.

1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке "pdf (pdf)" файлы форматында сканерленген түрде ұсынылады (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын аттестациялық істерден басқа).

38. Комитеттің немесе диссертациялық кеңестің теріс шешімі қабылданған диссертация қайта қорғауға осы Үлгі ереженің з-тарауында белгіленген тәртіппен ұсынылады.

Диссертация қайта қорғауға ұсынылған жағдайда диссертациялық кеңес диссертацияда бұдан бұрын орын алған бұзушылықтардың жойылуы туралы қорытынды жасау үшін диссертациялық кеңес мүшелерінен 3 (үш) адамды тағайындаиды. Қорытынды Ж00-ның интернет-ресурсында диссертацияны қорғауға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын орналастырылады және қорғауда оқылады.

39. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант диссертация қорғалған Ж00 шешім шығарған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ерікті нысанда береді.

Апелляцияны өткізу тәртібін Ж00 өз бетінше бекітеді.

40. Апелляция ерекше мәртебесі жоқ Ж00 жаңындағы диссертациялық кеңестің шешіміне берілген жағдайда, апелляциялық комиссияның оң қорытындысы және диссертация соңғы шешім қабылдау үшін күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде Комитетке жіберіледі.

Апелляциялық комиссияның шешімі оны қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және Ж00-ның интернет-ресурсына орналастырылады.

41. Осы Үлгі ережемен реттелмейтін, оның ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беруден, апелляцияға беру мерзімін қалпына келтіруден бас тарту мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібінде шешіледі.

Диссертациялық  
кеңес туралы үлгі ережеге  
1-қосымша  
Нысан

## Диссертациялық кеңес мүшелеріне үміткерлер туралы ақпарат

Жүктеу

№	T.A.Ә. (болған жағдайда) (мемлекеттік немесе орыс және ағылшын тілдерінде)	Дәрежесі, ғылыми атағы	Негізгі жұмыс орны	Азаматтығы	Халықаралық ақпараттық Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базаларының деректері бойынша Хирш индексі	Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Репортс) деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер	Басылымдар тізбесіндегі журналдардағы жарияланымдар

базасында  
citeScore  
(СайтСкор)  
бойынша  
процентиль  
көрсеткіші  
кемінде 35  
(отыз бес)  
болатын  
басылымдарда  
жарияланымдар

1 2 3 4 5 6 7 8

Жүктөу

Диссертациялық  
кеңес туралы үлгі ережеге  
2-қосымша  
Нысан

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

жанындағы

(Ж00 атавы)

кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес

### Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.
2. Отрыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.
4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

- 1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
- 2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңың 18-бабының з-тармағында сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;
- 3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).
6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа Ж00 докторанттарының);
- 2) қараудан алғыншылар тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа Ж00 докторанттарының);
- 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа Ж00 докторанттарының);
- 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа Ж00 докторанттарының);
- 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа Ж00 докторанттарының);
- 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа Ж00 докторанттарының).

Диссертациялық кеңестің тәрағасы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Диссертациялық қеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) жөнінде қабылдаған шешімдері туралы тоқсандық есеп

Жүктеу

№	Докторанттың Т.А.Ә. (болған жағдайда ))	Тұған жылы	Докторантурада оқыған кезеңі	Докторант ЖОО	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшіл ері (Т.А.Ә. (болған жағдайда , дәрежесі , жұмыс орны)	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), дәрежесі, жұмыс орны)	Қорғау күні	Диссертациялық кеңес және апелляци ялық комиссия (болған жағдайда қабылда ған шешім	Диплом №
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Мамандық (кадрларды даирлау бағыты) бойынша диссертациялық қеңес

Жүктеу

Этикалық комиссияның қорытындысы \_\_\_\_\_

ЖОО атавы

Жүктеу

1.	Докторанттың, ТАӘ	
2.	Докторантуралы мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін е тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	

Жүктеу

Этикалық комиссияның төрағасы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Этикалық комиссияның хатшысы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Диссертациялық  
кеңес туралы үлгі ережеге  
5-қосымша  
Нысан

## Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Жүктеу

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспады, ал оның маңыздылығы ашылған/ ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) айқындаиды; 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сүни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25–75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25–75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25–75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/ негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) дәлелденді;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) кең</li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	
	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25–75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.

Жүктөу

# Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парагы

20\_\_ жылғы "\_\_\_" диссертациялық кеңестің отырысы, хаттама № \_\_

Докторант \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациясын қорғауы

Жүктөу

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа қатысусы (қолы)
1	2	3

Жүктөу

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Диссертациялық  
кеңес туралы үлгі ережеге  
7-ҚОСЫМША  
Нысан

Докторант туралы мәлімет

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))



Жүктөу

1	Тұған күні және жері, азаматтығы, үлтү	
2	Докторантурада оқығаны туралы мәлімет (ЖОО және оқу мерзімі)	
3	Докторантура мамандығы	
4	Диссертацияның қорғалған орны және күні	
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі	
6	Ғылыми консультанттар (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:  Басылымдар тізбесіндегі басылымдарда  Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетелдік басылымда  халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде:	

9	Еңбек жолы		
Қабылдау мерзімі	Босату мерзімі	Жұмыс орны, лауазымы	Мекеменің мекен-жайы
10	Мекен-жайы, байланыс деректері		

**Жүктөу**

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Мер, мерзімі 20\_\_ жылғы "\_\_\_"

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2011 жылғы 31 наурыздағы  
№ 126 бүйрүғына қосымша

## Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір күші жойылған бүйрүқтарының тізімі

1. "Диссертациялық кеңес туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы № 14 бүйрүғы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2139 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2003 жыл, № 15, 840-бап).

2. "Диссертациялық кеңес туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы № 14 бүйрүғына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы № 796 бүйрүғы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2617 болып тіркелген).

3. "Диссертациялық кеңес туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы № 14 бүйрүғына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 2 наурыздағы № 126 бүйрүғы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3552 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2005 жыл, № 14, 73-бап).

4. "Диссертациялық кеңес туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы № 14 бүйрүғына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 17 қазандағы № 486 бүйрүғы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4989 болып тіркелген, 2007 жылғы 30 қарашада "ЗАң" газетінің № 184 (1213) жарияланған).

5. "Диссертациялық кеңес туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы № 14 бүйрүғына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі № 446 бүйрүғы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6476 болып тіркелген, 2010 жылғы 22 қыркүйектегі "Егемен Қазақстан" газетінің № 382-385 (26228) жарияланған).